

«6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Мустафина Жанар Дуйсенбековнаның «Діни рәміздер: тарихы мен қазіргі кезеңі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>Диссертация тақырыбы еліміздегі ғылымның даму бағыттарының ішінен «7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс «6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін жеке қаражатымен қаржыландырылған докторантура аясында орындалған.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарының ішінен – 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер бағытына және оның ішінен - 7.1. Қоғамдық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.1.3. Әлеуметтану, саясаттану, дінтану, археология, тарих, гуманитарлық география, этнология, этносаясат, конфликтология, гуманитарлық география, этносаралық қатынастар және этноконфессиялық қатынастардың өзекті мәселелері мамандандырылған ғылыми бағытына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның	Диссертациялық жұмыс діни рәміздерді тарихи және дінтанулық зерттеу бағытына елеулі үлесін қосады.

		<u>маңыздылығы ашылған/ашылмаған</u>	Ғылыми зерттеуде діни рәміздердің пайда болуы мен тарихи эволюциясын, заманауи трансформациясын түсінуге, олардың қазіргі қазақстандық діни санадағы орны мен қызметі айқындалған. Әсіресе, автор рәміздердің діндер практикасындағы қолданылу ерекшеліктерін тануға жол ашады. Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы толығымен ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Автордың өзі жазуының деңгейі жоғары. Бұл автордың мәселені жіте түсініп, теориялық-методологиялық бағытын дұрыс айқындап, дереккөздерді ұтымды пайдалана білгендігін көрсетеді. Автор әр тараудағы жекелеген мәселелерді зерттеуде түрлі дереккөздерін тарта отырып, өзіндік қорытындылар мен тұжырымдар жасайды. Әсіресе, автордың өзіндік зерттеу шеберлігі қазіргі діндер жүйесіндегі рәміздік көріністер мен олардың трансформациясын талдауда айқын көрінеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбының өзектілігі күмән туғызбайды және діни рәміздердің пайда болуы, тарихи эволюциясы және трансформациясы түрлі тарихи дәуірлердегі қазақстандық және әлемдік мәдени-рухани үдерістермен байланыстырыла негізделген. Әлемдік және отандық өзара мәдени-рухани ықпалдастықтың, діни жаңарудың жаңа діни рәміздердің пайда болуына тікелей ықпал ететіндігі ғылыми зерделенгендігі байқалады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Тақырыптың негізгі арқауы және оның мәтінде баяндалуы оның дінтанулық ғылымда және қазіргі қоғамда үлкен теориялық және практикалық маңызы бар мәселе екендігін көрсетеді. Осы ретте, діни рәміздер мәселесі диссертацияда жан-жақты қарастырылған және оның трансформациясына қатысты нақты мысалдар келтірілген.

		<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <u>1) сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Автор мақсат ретінде діни рәміздің қалыптасу тарихы мен қазіргі көрінісіне дінтанулық сараптама беруді айқындаған. Осы мақсатқа сәйкес негізгі міндеттер белгіленген. Диссертацияның мақсаты мен міндеттері қойылған мәселеге сәйкес анықталған.</p>
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: <u>1) толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертация мазмұны негізінен үш тараудан, 7 тараудан тұрады және олар логикалық тұрғыдан бір-бірімен өзара толық байланысқан. Автор бірінші тарауда діни рәміздерді зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін зерделесе, екінші тарауда діни рәміздердің пайда болуы мен оның тарихи эволюциясын қарастырады. Ал үшінші тарау қазіргі діни рәміздер мен оның трансформациясын зерттеуге арналған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <u>1) сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.</p>	<p>Автор диссертациялық жұмысын толықтай сыни талдау тұрғысынан орындаған. Әсіресе, мәселені теориялық-әдіснамалық жағынан негіздеу кезінде отандық және шетелдік идеялар мен дереккөздерге сыни талдау жасайды. Диссертациялық жұмыстың әрбір тарауы бойынша алынған жаңа шешімдер мен қорытындылар сыни талдаулар арқылы дәлелденген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; <u>2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы нәтижелер мен қағидаттар жалпы алғанда жаңа болып табылады. Дегенмен автордың рәміздердің пайда болуы мен оның тарихи эволюциясына қатысты ғылыми нәтижелері бұрынғы авторлардың тұжырымдарына негізделген. Соған орай зерттеу жұмысындағы автордың кейбір қағидаттары жартылай жаңа болып саналады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың кейбір қорытындылары жартылай жаңа болып табылады. Дегенмен автор осы</p>

		<p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).</p>	<p>қорытындыларды өзіндік ой-тұжырымдармен дәйектейді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың зерттеу тақырыбы мен нысаны әлеуметтік-гуманитарлық салаға жатады. Жұмыстың негізгі мазмұны техникалық, технологиялық, экономикалық салаларға тікелей қатысты болмағанмен, автордың кейбір идеяларын дін саласын мемлекеттік реттеуде қолдануға болады. Сондықтан автордың бұл ғылыми еңбегін тәсілдік жағынан «толығымен жаңа» деп санауға келеді.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p><u>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыстың әрбір тарауындағы мәселелер бойынша жасалған қорытындылар ауқымды дәлелдемелерге негізделген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>7.1 Диссертация көлемінде автор 7 негізгі қағидат ұсынады. Бұл қағидаттар әрбір тараудағы зерттеу жұмысының нәтижесінен туындаған. 7.2 Диссертацияда түйінделген әрбір қағидат тривиалды емес. Өйткені, автор әрбір нәтижені теориялық тұрғыдан жан-жақты зерделеп, оны тәжірибемен ұштастырып, ұсынғандығы байқалады. 7.3 Негізгі қағидаттардың барлығы жаңа деп бағаланады. Бірінші қағидатта діни рәміздің ерекшелігі айқындалып, өзіндік табиғаты ашып көрсетіледі; екінші қағидатта – діни рәміздің пайда болу заңдылықтары ашылып, оның генезисі, рәмізді құраушы элементтер айқындалады; үшінші қағидатта – діни рәміздердің тарихи</p>

		<p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p><u>3) кең.</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p>2) жоқ.</p>	<p>эволюциясы алғаш рет жүйеленеді; төртінші қағидатта – түркі халықтарының, оның ішінде қазақтардың діни сенім жүйесіндегі рәміздік көріністер, материалдық және рухани құндылықтарының рәміздік астарлары сипатталады; бесінші қағидатта – діни рәміздердің қазіргі діндер жүйесіндегі орны мен қызметі дәйектеледі; алтыншы қағидатта – дәстүрлі діндердегі рәміздер жүйесі мен олардың трансформациясы зерделенеді; жетінші қағидатта – қазіргі жаңа діни ұйымдардағы рәміздер жүйесі сараланып, практикадағы қолданылу ерекшеліктері айқындалады.</p> <p>7.4 Диссертациядағы қағидаттардың теория мен практикадағы қолданылу деңгейіне «кең» деген баға береміз. Ғылыми нәтижелерді жоғары мектептегі гуманитарлық пәндерді, яғни философия, дінтану, тарих, мәдениеттану және т.б. оқытуда, жастардың діни сауаттылық деңгейін көтеру бағытында, мемлекеттік органдардың қызметі ауқымында пайдалануға болады.</p> <p>7.5 Диссертацияда көрсетілген қағидаттар автордың ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда және Scopus базасына кіретін басылымдарда жарияланған мақалаларында толық дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста әдістемелік таңдау негізделген. Жалпы автор мәселенің теориялық-әдіснамалық негіздеріне жеке тарау арнаған. Бұл зерттеудің әдістемесі мен әдіснамалық бағытын нақты айқындауға мүмкіндік берген. Жұмысты жазу барысында салыстырмалы талдау, жіктеу, қорытындылау, ретроспективті, модельдеу әдістері кеңінен қолданылғандығын байқауға болады.</p>
		8.2 Диссертация жұмысының	Диссертация жұмысының нәтижелерінде компьютерлік

		<p>нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдаланғаны көрінеді.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста келтірілген барлық теориялық қорытындылар мен тұжырымдар эмпирикалық мәліметтермен, далалық зерттеулер нәтижелерімен дәлелденген және негізделген.</p>
		<p><u>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</u></p>	<p>Диссертацияда келтірілген қорытындылар, мәлімдемелер шетелдік, ресейлік және отандық ғылыми еңбектерге және эмпирикалық мәліметтерге жасалған сілтемелер арқылы расталған.</p>
		<p><u>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</u></p>	<p>Автор зерттеу жұмысын жазу барысында 200-ден астам дереккөздеріне сілтеме жасаған. Олардың барлығы тақырыпқа сәйкес келеді. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін жеткілікті.</p>
9.	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы жоғары. Себебі қазіргі діни қайта жаңғыру жағдайында діни санада рәміздер маңызды рөл атқарады және осы мәселе белсенді түрде зерттеле бермек. Сондықтан бұл жерде «иә» деген жауап беріледі.</p>

		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Зерттеудің ғылыми нәтижелерінің практикалық маңызы зор. Оларды ЖОО элективті курстар әзірлеп, оқыту үшін, ғылыми зерттеулер үшін, философия, тарих, дінтану, мәдениеттану пәндері бойынша дәрістерде қолдануға болады. Сондай-ақ алынған нәтижелерді жастардың діни сауаттылық деңгейін көтеру үшін, дін саласындағы құзырлы органдардың жұмысына нұсқаулық ретінде қолдана алуға байланысты «иә» деуге болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің практикалық ұсыныстары жартылай жаңа болып табылады және олардың барлығы сенімді әрі жеткілікті ғылыми негізділікке ие.</p>
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Автор теориялық және эмпирикалық мәліметтерді талдауда ғылымда мойындалған әліснамаға сүйене отырып, жұмысты ғылыми стильде баяндаған. Диссертация мәтіні ғылыми нормаларға толық сәйкес келеді.</p>

Шешім: «6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Мустафина Жанар Дүйсенбековнаның «ДІНИ РӘМІЗДЕР: ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢІ» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент:

Нұр-Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университеті
Дінтану кафедрасының
философия докторы PhD, доцент м.а.
(жұмыс орны, ғылыми атағы)



қолын растаймын
подпись заверяю
Каирова Альбина К.С. кадр бөлімі

Дүйсенбаева Альбина Құрақбайқызы
(аты-жөні)

13 маусым 2023